

Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық жарылыстар зардап шеккен халықты медициналық оңалту жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 қараша N 1361

Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонында радиациядан зардап шеккен халықты сауықтыру және ядролық жарылыстар салдарының зардабын жою проблемаларының айрықша маңыздылығын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі, Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы Қаржы министрлігінің және Экономика министрлігінің келісімі бойынша және "Полигон - 29 тамыз" қоғамдық қайырымдылық қорын (бұдан әрі - Қор) тарта отырып бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық жарыстар салдарынан зардап шеккен халықты медициналық оңалту жөнінде қосымша шаралар бағдарламасын әзірлесін және оны бекітсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қордың жақын және алыс шетел мемлекеттерімен және халықаралық ұйымдармен жұмысын дамытуға жан-жақты жәрдем көрсетсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті мен Кеден комитеті Қордан қайырымдылық қызметі бойынша қолданылып жүрген заңдарға сәйкес салықтар мен кеден бажын алуды жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару

жөніндегі мемлекеттік комитеті Қорға белгіленген тәртіппен қызметтік үй-жай беруге көмектессін.

5. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық жарыстар салдарынан зардап шеккен халықты медициналық оңалту жөніндегі қосымша шаралар бағдарламасын жүзеге асыруға қатыссын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК